

«Шылау сөздер туралы түсінік» 6 - сынып

# Мақсаты:

Сөз таптарының бірі – шылау сөздердің басқа сөз таптарынан айырмашылығын ұғындыру; топпен жұмысқа, өз ойларын жеткізе білуге үйрету.

# Күтілетін нәтиже:

Ынтымақтаса жұмыс істеуге, өз ойларын ортаға салуға, сыни ойлауға үйренеді, диалогтік қарым-қатынасқа түседі, Көптің пікірін тыңдап, ойын еркін жеткізе білуге дағдыланады.

# Психологиялық ахуал





# *Топқа бөлу*



# *Алтын ереже*

- 1. Біреу сөйлеп жатқанда, сөзін бөлме. Өз кезегіңді күт.*
- 2. Адамды емес, олардың айтқан идеясын сына.*
- 3. Кез келген пікір құнды.*
- 4. Әркімнің өз көзқарасын, пікірін айтуға құқығы бар.*

# “Сүйкімді жануарлар” ойыны





Зат есім

Одағай

Есімдік

Сын есім

Сөз таптары

Сан есім

Шылау

Үстеу

Етістік



# Тапсырма:

- *Түртіп алу стратегиясы:*
- *Тақырыпты оқып, топта талқылап, негізгі идеяны дәптерлеріне жазып алыңдар.*

■ *Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып және өзі тіркескен сөзге қосымша мән үстеп тұратын көмекші сөздер шылау деп аталады.*

# Шылаудың басқа сөз таптарынан айырмашылығы:

- *Лексикалық мағынасы жоқ;*
- *Сөйлем мүшесі бола алмайды;*
- *Түрленбейді (жалғаулар жалғанбайды);*
- *Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырады және басқа сөздің жетегінде келіп, оған қосымша мән үстейді*

# Шыла



септеулік

Белгілі бір септікте тұрған сөзбен ғана тіркесіп, сөздерді сабақтастыра байланыстырады



жалғаулық

Сөздер мен сөйлемдерді салаластыра байланыстырады



демеулік

Сөз бен сөзді, сөйлемдерді байланыстырмайды. Өзі тіркескен сөзге мағына үстейді



# Тапсырма:

- Қалташаларда берілген суреттерді құрастыру;
- шыққан суреттер бойынша ішінде шылау сөздер қатысқан шағын әңгіме құрастыру керек.

# “Ойнайық та ойлайық”



# “Баламалы тест” әдісі.

- *1. Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып және өзі тіркескен сөзге қосымша мән үстеп тұратын көмекші сөздер шылау деп аталады.*
- *2. Шылаулар білдіретін мағынасына қарай екіге бөлінеді.*
- *3. Шылаудың дербес лексикалық мағынасы болады.*
- *4. Шылау сөйлемде бастауыштың қызметін атқарады.*
- *5. Белгілі бір септікте тұрған сөзбен ғана тіркесіп, сөздерді сабақтастыра байланыстыратын шылаудың түрі септеулік шылау.*



# Бағалау





# РЕФЛЕКСИЯ



Бас бармақ – білдім

Балаң үйрек – бақыладым,  
сезіндім

Ортан терек – ойландым,  
толықтыру қажеттігін сезіндім

Шылдыр шүмек – шештім,  
қолдануды ұйғардым

Кішкентай бөбек – келісемін,  
жаңа ақпарат таныдым